# ҚАЗАҚ ХАНДАРЫНЫҢ ЖАРЛЫҚТАРЫ

**БАЙСАРИЕВА ГҮЛЖАНАТ ОЗҒАНБАЙҚЫЗЫ**
Отырар мемлекеттік археологиялық қорық-музейінің қызметкері

Қазақ хандығының тарихын зерттеудің бір ерекшелігі жазба дерек көздерінің басым бөлігі сырттан келген адамдардың қолынан шыққандығында. Ал соңғы кезге дейін қазақ хандарының жеке жарлықтары беймәлім болып келді. Белгілі шығыстанушы В.П. Юдин «Материалы по истории казахских ханств» атты 1969 ж. жария етілген кітапта Сығанақ жарлықтары деген тарихи деректерді талдай отырып мынадай болжам айтқан болатын: «Қазақ хандары мен сұлтандары шығарған жарлықтар қазірше табылмады. Алайда бұл осындай құжаттар болмады дегенді білдірмейді. «Имамкули-хан-наме» авторы Сухайланың хабарлауынша қазақ ханы Тұрсын-Мұхаммед XVII ғ. Ташкентте өз теңгесін соқтырып тұрғындардан бадж хараdж салығын жинаған, яғни ол тәуелсіз жоғары билікті иеленді. Басқа да қазақ хандары мен сұлтандары Сырдария бойындағы қалаларда осындай билікке ие болды. Олардың кеңселерінен түрлі үлгідегі құжаттар шығуы тиіс еді. Сөз жоқ Ташкент пен басқа қалалардағы мұрағаттардағы ізденістер осындай құжаттар табылуына әкеледі» [1, с. 315]. XIX ғасырдағы шығыстанушылардың ішінде қазақ ханы берген жарлықты көргендерін жазады. Мысалы, П.Лерхтың еңбегінде Түркістан қаласына келген шығыстанушыға Насрулла есімді кісі Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне байланысты 15 жарлықты көрсеткені, олардың ішінде Тұрсын-Мұхаммед ханның 1035 ж. жарлығының бары хабарланады [2, с. 21-22].

1969 жылғы В.П. Юдиннің көрегендікпен айтқан болжамы көп уақыт өтпей негізделді деуге болады. 1979 ж. басылған «Қазақ ССР тарихы» атты кітаптың II томында Сығанақ билеушісі Есенкелдінің қазақтың аға ханы атынан 1587 ж. казиді тағайындағаны туралы жарлықтың фотосуреті жарияланды.

2014 жылы И.В. Ерофееваның жинап құрастыруымен шыққан қазақ билеушілерінің 800-ден астам хаттарын қамтыған басылымы жарық көрді. Осы И.В. Ерофеева құрастырған хаттардың бірінші томындағы алғашқы құжат жәй хат емес. № 1 деп берілген құжат (сурет 1) һижра бойынша 1086 ж., яғни 1675-76 ж. хан жарлығы - үкімі [3, с. 82, сноска 1] екені анық байқалады. Бұл жарлықтың түпнұсқасы 1976 жылы Мардан Байділдаев Қызылорда облысындағы Жаңақорғанның бір байырғы тұрғынынан алынған отыз шақты құжаттар ішінде болған. Ең өкініштісі, И.В. Ерофееваның көрсетуінше XX ғасырдың екінші жартысына аман жетіп ғылыми мекеме қорына ілінген алғашқы қазақ ханының жарлығынан айырылып қалыппыз. Белгілі фольклортанушы осы XVII-XIX ғғ. жататын тарихи құжаттарды тауып Ш.Ш. Уәлиханов атындағы тарих, археология және этнология



институтына сақтауға бергенімен аталған қазақ ханының жарлығы - үкімі аталған ғылыми мекемеде ізім ғайым жоқ болып кеткен [3, с. 82].



Сурет 1. Тәуке ханның 1675-76 ж. Сығанаққа дінбасын тағайындау туралы жарлығы

Астана қаласында 2017 ж.. жарық көрген Ә.К. Муминов, Б.Е. Көмеков, У.А. Сұлтанов, В.К. Шуховцов, Д.Т. Кенжетаев, А.С. Кабылов, У.А.Өтепбергенова, А.А. Айбасов атты авторлар дайындап шығарған «Исторические документы мавзолея Ходжа Ахмада Йасави» атты монографиялық зерттеуде басылған тарихи құжаттар ішінде билеушілердің атынан шыққан жарлықтар, әсіресе, қазақ хандарының жарлықтарының көшірмелері үлкен жаңалық болып табылады. Кітаптың 50-56 беттерінде қазақ хандарының төрт жарлығы араб графикасымен берілген. Жарлықтарды шығарған екі қазақтың ханы – Тәуекел Шығайұлы мен Тұрсын Мұхаммед. Кітаптағы құжаттардың 10 сипаттамасында Әбілғазы Мұхаммед Тәуекел баһадүрханның Ташкент қаласында дайындалған һижра бойынша 1006 жылдың құрбан айында, яғни 1598 жылдың тамыз айында Қожа Ахмет Ясауи

мазарының мутаваллиі етіп тағайындау туралы жарлығы суреттеледі. Әбілғазы Сұлтан Тұрсын Мұхаммед баһадүрханның һижра бойынша 1033 ж. сапар айында, яғни 1623 ж. қараша-желтоқсан айында шығарған жарлықта екі адамның біреуін шайх ал-ислам етіп, ал екінші адамды Қожа Ахмет Ясауи мазарының мутаваллиі етіп тағайындауы туралы айтылады. Аталған хан һижра бойынша 1034 ж., яғни 1324-1625 жж. жарлығымен Тулак-Шайқы деген адамға Сури кентінің (Түркістан қаласы қасында болған қалашық) жартысын суйырғалға береді [4, с. 50-56]. Осы табылымдар біздің Қазақ хандығы дәуіріміздің тарихы үшін аса үлкен олжа. Қазақ хандарының жарлықтары деген тақырыпқа қатысты кітап авторлары арнайы зерттеу жұмыстарды жоспарлап отырғаны қуантады [4, с. 43-49].

Аталған қазақ хандарының жарлықтарының көшірмесі Санкт-Петербург қаласындағы Ресей Ғылым академиясына қарасты Шығыс қолжазбалар институтындағы А. Кун мұрағатында тұр. Александр Кун мұрағатында қолжазбалар, хаттар, басқа да құжаттар, барлығы 303 бірлік құнды дүние сақтаулы екен. Келтірілген тізімде тақырыпта аталған құжаттарман қатар «Әзірет Сұлтан Ахмет Ясауи мешітіндегі жазбалардың көшірмесі», «Сайрам мазарларының тізімі және түрлі елді мекендер арасындағы қашықтық», «Хиуа хандығындағы қазақтар туралы қысқа ақпарлар» атты қолжазбалар бары тарихшыларды қызықтыратыны анық.

1872 ж. генерал-губернатордың ерекше тапсырмалар қызметшісі болған Александр Кунның өтінішімен Түркістан уезінің бастығы А.Г. Реймерс Түркістандағы Қожа Ахмет Ясауи кесенесіне қатысты байырғы құжаттарды көшіртіп оларды қаладағы ақсақал, мыңбасы қызметтегі кісілерге, басқа да мәртебелі қала тұрғындарына көрсетіп мөрлермен куәландырып салып жіберген. Құжаттар ішінде насабнама-шежірелер, уақыптық құжаттар, жарлықтар, т.б. байырғы деректердің көшірмелері бар. Барлығы 96 бетті құрайды екен.

«Исторические документы мавзолея Ходжа Ахмада Йасави» атты кітаптың 43-49 беттерінде XVI-XVII ғғ. қазақ хандары берген жарлықтар туралы арнайы жазылған бап бар. Онда осы уақытқа дейін бұл мәселе арнайы зерттеу нысаны болмағаны, тек кейбір мәліметтер ғана жиналғаны айтылады. Аталған баптың бір авторы Уктамбек Сұлтонов қазақ хандарының жарлықтарының түпнұсқада болғанынына тағы бір дәлел ретінде Сырдария облысы басқармасының жазбасында («опись») Қожа Ахмет Ясауи ұрпағы Насраллах қожа қолында билеушілер берген 18 жарлығы барлығы айтылатынын, олардың ішінде Тәуекел ханның һижра бойынша 1006 ж. және 1014 ж. жарлықтары, Тұрсын ханның 1033 ж. барын алға тартады.

**ӘДЕБИЕТТЕР**


1. Материалы по истории казахских ханств XV - XVIII веков (извлечения из персидских и тюркских источников). – Алма–Ата: Наука, 1969.
2. Лерх П. Археологическая поездка в Туркестанский край в 1867 г. СПб., 1870.





3. Эпистолярное наследие казахской правящей элиты. 1675-1821 гг. Автор проекта, введения, биография ханов, научных комментариев; составитель и отвесственый редактор И.В.Ерофеева. Т.I. Алматы, 2014.
4. Муминов А.К., Кумеков Б.Е., Султонов У.А., Шуховцов В.К., Кенжетаев Д.Т., Кабылов А.С., Утепбергенова У.А., Айбасов А.А. Исторические документы мавзолея Ходжа Ахмада Йасави. Астана, 2017.


## НОВЫЕ МЕТОДЫ ОБУЧЕНИЯ ГУМАНИТАРНЫХ НАУК


**ЛАТИПОВА МАМЛАКАТ** - отличник народного образования, Узбекистан
**АБДУРАХМОНОВА ИРОДА** - ассистент ТИКХММИ, Узбекистан


*Задача воспитания развитых людей, которые будут достойными продолжателями наших великих предков имеет важное значение* [1].

Независимость подарила нам радость настоящей свободы и очищения. А нашей очередной задачей стало восстановление нашей великой классической духовности и посредством этого развитие системы образования. Реформы в системе образования за 27 лет привели к значительным сдвигам. Но Все-таки мы до сих пор остаемся невеждами перед богатой духовным наследием, которое оставили наши великие ученые.

Поколения должны с большим рвением читать созданные на нашем классическом языке произведения в оригинале. Известно, что все произведения, написанные по всем областям, начиная с XV века созданы на нашем богатом, древнем и молодом тюркском, древне узбекском языке, который основал Навои. Налаживание, путем поворота в свое русло проблемы, которая ждет своего решения в наших руках.

Во первых, в чем причина большого значения произведений по классической культуре и науке, созданных 400-500 лет назад и почему же сегодняшние мыслители не могут взойти на эти вершины? Можно ли сказать, что великая земля Туран, давшая миру таких величайших, многогранных ученных, не может дать таких же великих людей?

Во вторых, появляется риторический вопрос: «А не в многогранности деятельности ученых земли Туран, удивлявших своим талантом весь мир, завоевавших вершины мировой литературы и истории, науки культуры и искусства является совершенство методов обучения на Востоке, обучение религиозных и мировых наук одновременно, обучение всех предметов путем учения наизусть и толкованием?». При семидесяти летнем тираническом строе сознательно искоренялись такие ценные методы обучения. То есть, «сверху» давались указания, в которых давались планы по учению наизусть отрывков из произведений классиков. В результате появилось поколение, которое забывает завтра то что читал сегодня, способное больше к физическому труду, далекое от мышлений с узким интеллектом. (Эти

## МАЗМҰНЫ


**ÜLCAYEVA ŞAHİSTAHAN MAMACANOVNA**
XII-XIV esirlerde movaraunnehir de turki kabileler hayatında geçen önemli değişim ve onların politik hayata etkisi....3
**КОЖА М., АМАНТУРОВ М., БАКТЫБАЕВ М., СИЗДИКОВ Б.**
Отырардағы сопы данышпан атты төбешікті зерттеудің кейбір нәтижелері...7
**BATMAZ EFTAL ŞÜKRÜ**
Tarih araştirmalarinda sözlü tarihin yeri ve önemi....12
**ЭРНАЗАРОВ ФАЙЗУЛЛА**
О роли кинематографии в укреплении культурных связей Индии и Узбекистана....15
**АБДУАХИТОВ ЕРҚОЖА СЕЙТЖАППАРҰЛЫ**
Нанотехнологияның жаңа мүмкіндіктері мен білім беру жүйесіндегі инновацияның дамуы....18
**АБДУРАХМОНОВА ИРОДА**
Религиозно-духовное положение в средневековье в Мавераунлахре....23
**ЭРНИЯЗОВ ЖУМАДУЛЛА МУКУМОВИЧ**
Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде КСРО-ның сыртқы саясаты ....26
**ШАРАФУТДИНОВА СЕВАР**
Азамат соғысы және шетел интервенциясы жылдарындағы кеңес мемлекетінің сыртқы саясаты (1918–1920 жж.)....30
**САПАРАЛИЕВ ДӨӨЛӨТБЕК БЕКИШОВИЧ**
Кыргыздардын борборлоштурулган мамлекети - кара кыргыз хандыгы эл аралык мамилелердин субъектиси....36
**Г.Ж.ПРИМКУЛОВА, НАРЗУЛЛАЕВА С.Б.**
Қазақстан және дүниежүзі білім беру саласында инновациялық технологиялар жүйесінің даму үрдістері....50
**ТАСТАНБЕКОВ МУРАТ, ШЫРЫМБЕК АЛМАГУЛЬ**
XX ғасырдың 70-ші жылдарындағы Түркістан қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуы....56
**БАЙСАРИЕВА ГҮЛЖАНАТ ОЗҒАНБАЙҚЫЗЫ**
Қазақ хандарының жарлықтары....64
**ЛАТИПОВА МАМЛАКАТ, АБДУРАХМОНОВА ИРОДА**
Новые методы обучения гуманитарных наук....67
**ЖАМОЛОВА ДИЛНОЗА МУЙИДИНОВНА**
Бухоро тараққийпарварлари мирзо сирож ҳаким ва абдурауф фитратнинг ғоявий қарашлари....70
**Б. МАМАДАМИНОВА**
Роль молодых хивинцев в социальных и политических процессах....75
**ЗУЛПУХАРОВА РАУШАН ЖУМАНОВНА**
1979 жылғы Целиноград қаласындағы наразылық ....78





**НОРМАТОВ ОТАБЕК МАХАМАТЖОНОВИЧ**
Ташкентский округ в период районирования....82
**МУХАМЕДЖАНОВА Ф.А.**
Таулы Қарабах оқиғасының мерзімдік басылым беттерінде көрініс табуы..85
**ОМАРБАЕВА Г.А.**
Ахыскалықтардың Ресей отарына айналуы процесі....91
**БАЗАРБАЕВ ҚАНАТ ҚАЛДЫБЕКҰЛЫ, ОСПАНОВА ГҮЛНҰР**
Жастүріктер революциясы және елдегі қоғамдық-саяси модернизациялау процесі....96
**ЗҰЛПЫХАРОВА Э.У., МАМЫРБАЕВА Н.С.**
Озал үкіметі тұсындағы Түркия экономикасының көрсеткіштері....103
**ДЖУМАДУЛЛАЕВА А.Н., БАБАШЕВА Қ.У.**
Мырзашөлді игерудің тарихи алғышарттары....109
**ЗҰЛПЫҚАРОВ ЕРЖАН НҰРЛАНҰЛЫ**
Пиночет тұсындағы мемлекеттік құрылым: әскери жүйенің сипаты мен эволюциясының кезеңдері, жойылу алғышарттары....114
**ФАЗЫЛ РОЗА, ИСАЕВА АҚЖАН МЕРЕЕВНА**
Қазақстанда кәсіби лицейлер мен колледждердің оқу және тәрбие жұмысы туралы ....122
**КУПБАЕВА РАЙХАН, СКАКОВА БИБИ АРГЫНБАЕВНА**
Көшпелі мәдениеттің қалыптасуындағы домбыра тарихы ....124
**НҰРЖАНБАЕВА Ж.О., ЕРКІНБЕКОВА А.С., ӨТЕГЕНОВ Б.Д.**
Болашақ мамандарды кәсіптік даярлаудағы мәдениеттанымдық аспектілер....128
**ШЕКЕРБЕКОВ ҚУАНДЫҚ, ӘЛІ МАДИНА АНДАСБЕКҚЫЗЫ**
XX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ мәдениетіндегі Әбіш Кекілбаевтың шығармашылығындағы тарихи аспектілері....132
**АБДУРАХМАНОВ НУРМУХАМЕД, ЖАППАРКУЛОВ БЕЙСЕНБЕК**
XX ғасырдың басында Оңтүстік Қазақстан жеріндегі мұсылман мектептерінің құрылуы мен даму ерекшеліктері....137
**АШИРОВ ШАДИЯР АЛДИЯРОВИЧ**
Моңғолдардың жаулап алуы қазақ жеріндегі этникалық үдерістердің дамуын өзгертудегі сипаты туралы....142
**БАХТИБАЕВ АБДУХАШИМ, АБДРАМАНОВА ШОЛПАН**
1917-1940 жылдары Қазақстандағы өлкетану мұражайларының жағдайы туралы....144
**БАХТИБАЕВ АБДУХАШИМ, ТУЛЕНТАЕВ МУРАТ САРЫБАЕВИЧ**
Қола дәуіріндегі дүниетанымдық ерекшеліктерінің кейінгі дәуірлермен сабақтастық мәселесі....148
**ТАСҚЫМБАЕВА САУЛЕ, ҚАРАТАЕВА ФАРИДА МУСЛИМОВНА**
Қазақстандағы меншік қатынастарының тарихы мен ролі туралы....152